

## КАЗАХСКАЯ ЛИТЕРАТУРА

*Инструкция:* Вам предлагаются задания с одним правильным ответом из четырех предложенных.

1. Абай Құнанбаевтың жастарға уақытты тиімді пайдалану керектігін айтатын өлеңі
  - A) «Интернатта оқып жүр»
  - B) «Әсемпаз болма әрнеге»
  - C) «Ғылым таппай мақтанба»
  - D) «Өмір-дүние дегенің – ағып жатқан су екен»
2. Әзіл,күлкі,тапқырлыққа құрылған айтыс түрі
  - A) бәдік айтыс
  - B) қыз бен жігіт айтысы
  - C) жар-жар айтысы
  - D) жұмбақ айтыс
3. А.Құнанбайұлы «Адамның кейбір кездері» өлеңінде сиясы улы, тілі ащы деп баға берген адам
  - A) басшы
  - B) ақын
  - C) болыс
  - D) халық
4. Қоғамдағы маскүнемдік, әлеуметтік теңсіздік мәселесі көтерілген шығарма
  - A) «Ата Заң»
  - B) «Қара пима»
  - C) «Қараой»
  - D) «Әпке»
5. Ы.Алтынсариннің «Атымтай Жомарт» әңгімесінің идеясы
  - A) Еңбек сүйгіш адам
  - B) Уақытты бағалау
  - C) Елін сүйген адам
  - D) Ала жіпті аттамау
6. Жюль Верннің «Әлемді сексен күн ішінде шарлау» шығармасындағы бас кейіпкер
  - A) Стюарт мырза
  - B) Филеас Фогг
  - C) Үнді қызы
  - D) Капитан Грант
7. Көксеректі ауыл тұрғындарының жақтырмау себебі
  - A) үлкен дене бітімі үшін
  - B) тұз тағысы болғандықтан
  - C) тойымсыз болғаны үшін
  - D) көзінің түсі ерекше болуынан

8. Қ.Аманжоловтың «Жас дәурен» шығармасының негізгі ойы
- A) табиғаттың ластануы
  - B) жұмыссыздық мәселесі
  - C) жастардың бос уақыты
  - D) туған жердің қадірі
9. Дулат Исабековтың «Әпке» шығармасындағы Қамажайдың образы
- A) қамсыз әпке
  - B) талапшыл әпке
  - C) сыпайы әпке
  - D) қамқор әпке
10. С. Сейфуллиннің арқаның кербез сұлу табиғатын суреттейтін туындысы
- A) «Көкшетау»
  - B) «Қараой»
  - C) «Бәйтерек»
  - D) «Жетісу суреттері»
11. Б.Ұзақовтың «Жантаза» аңызындағы Жанқожа батырдың әрекеті
- A) Сауыт киіп, қару асынған бес-алты жігіттің соңынан ерді.
  - B) Үйге ентелей жетіп келді де, мақұлықпен алысты.
  - C) Мақұлықтан құтылғанына қатты қуанып, алғыс білдірді.
  - D) Зерен кеседегі сүтті мақұлықтың басына шашып жіберді.
12. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы екі жастың қосылуына негіз болған оқиға
- A) Қозының Шоқтерекке қайтуы
  - B) Екеуінің жас кезінен атастырылуы
  - C) Қодардың барлық елді өзіне бағындыруы
  - D) Қозының Қарабай ауылына келіп, мал бағуы
13. *Өмірге екі келер уақытым жоқ,*  
*Сондықтан үлесімді мол қармадым...* деген үзінді алынған «Жас дәурен» өлеңінің авторы
- A) М.Мақатаев
  - B) Т.Айбергенов
  - C) М.Ыбыраев
  - D) Қ.Аманжолов
14. Б.Қыдырбекұлының «Теміржолшы» шығармасының басты кейіпкері
- A) Әліш
  - B) Дмитрий
  - C) Тоқсанбай
  - D) Нұрқасым
15. С.Мұқановтың «Саятшы Ораз» әңгімесінде Ораздың кәсібіне сәйкес келмейтін нұсқа
- A) Малшы
  - B) Аңшы
  - C) Саятшы
  - D) Құсбегі

16. «Сағаттың шықылдағы емес ермек» өлеңінде ақынның өмірді сағатпен байланыстыру себебі
- A) Бір минут бір кісінің өміріне ұқсайтындықтан
  - B) Шықылдап тынбай жүріп тұрғандықтан
  - C) Тағдыр қайтадан айналып келмейтіндіктен
  - D) Күндер, айлар тоқтамай өтіп жатқандықтан
17. Ә.Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романындағы балықшылардың шешімі
- A) Тілін тартпай, қарсылық таныта берді
  - B) Барлығы ақылдасып, Шодырдың айтқанына көнетін болды
  - C) Ау-құралын алып қоятынын біліп, қарсы шықты
  - D) Иықтары салбырап, үн-түнсіз шығып кетті
18. Ғ. Мұстафиннің «Шығанақ» романындағы кәсіп иелері
- A) балықшы
  - B) шопан
  - C) зергер
  - D) егінші
19. «Он төрт жасар жігіт» әңгімесінің авторы
- A) Ә.Нұршайықов
  - B) Т.Нұрмағамбетов
  - C) І.Жансүгіров
  - D) А.Құнанбаев
20. А.Құнанбаевтың «Базарға қарап тұрсам әркім барар» өлеңінде сыналады
- A) Пайдакүнемдік
  - B) Байлық
  - C) Кәсіпкерлік
  - D) Кедейлік

**Инструкция:** Вам предлагаются тестовые задания на основе контекста с выбором одного правильного ответа из четырех предложенных. Внимательно прочитайте контекст и выполните задания.

Атымтай Жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын, таныстары сұрады дейді:

– Жомарт, құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге – үй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? – деп.

Жомарт айтты дейді:

– Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін. Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: құдайтағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді.

*Б.Алтынсарин*

21. Мәтіндегі асты сызылған сөздің мағынасы

- A) пайда
- B) үлгі
- C) білім
- D) байлық

22. Мәтіннен шығатын қорытынды

- A) Байдан жұғар, балдан тамар.
- B) Бай болам десең аузыңды бақ.
- C) Байдан пайда құтылмас.
- D) Байлыққа жомарттық жарасады.

23. Мәтін кейіпкеріне тән мінездеме

- A) байлық құмар
- B) мінезі қатал
- C) қолы ашық
- D) есепсіз бай

24. Мәтін кейіпкері айтқан еңбек етудің үшінші себебі

- A) Маңдай термен табылған нанның тәтті болатынын баяндайды.
- B) Асқан дәулетті өне бойы әдет етуге баулиды.
- C) Бар бола тұрып жұмыс жасауды насихаттайды
- D) Еңбекке баулып, байлық табуды үйретеді.

25. Мәтін мазмұнына сай келетін мақал

- A) Қайратың барда мал тап.
- B) Еңбек ер атандырады.
- C) Еріншектің ертеңі бітпес.
- D) Еңбегі аздың өнбегі аз.

*Инструкция: Вам предлагаются задания, в которых могут быть один или несколько правильных ответов.*

26. Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ» романындағы кейіпкер (-лер)
- A) Жантаза
  - B) Олжабек
  - C) Мешел
  - D) Жамал
  - E) Ораз
  - F) Бауыржан
27. Т. Сұлтанбековтың «Ғажайып планета» шығармасының мазмұнына сәйкес тақырыпша(-лар)
- A) Халықаралық байланыс
  - B) Космостағы тіршілік заңы
  - C) Тіршіліксіз әлемде
  - D) Байқоңырдың жеңісі
  - E) Тұрановтың сәтсіз шешімі
  - F) Алып жүректің дүрсілі
28. «Күлтегін» жырының мазмұнына сәйкес келмейтін тірек сөз(-дер)
- A) Қаған
  - B) Білге
  - C) Түркі
  - D) Қашау
  - E) Алаш
  - F) Қалам
29. Б.Қыдырбекұлының «Теміржолшы» шығармасындағы кейіпкердің ие болған құрметі
- A) Теміржолды қайта салу
  - B) Көпірдің астында қалу
  - C) Көпірді жөндеуден өткізу
  - D) Қосымша үстемақы алды
  - E) Көпірді қалпына келтіру
  - F) Үкімет наградасына ие болды
30. С. Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы автордың Көкшетауға берген сипаты (сипаттары)
- A) алтын кесе
  - B) кербез сұлу
  - C) жер айнасы
  - D) асау өзен
  - E) дертке дауа
  - F) қара қазан

31. Ораздың көп аулаған аң(-дар)ы
- A) борсық
  - B) сілеусін
  - C) қасқыр
  - D) қоян
  - E) аю
  - F) күзен
32. Жюль Верннің «Әлемді шарлау» шығармасындағы саяхатшылар аралаған жер(-лер)
- A) Германия
  - B) Түркия
  - C) Бомбей
  - D) Ливерпуль
  - E) Қытай
  - F) Лондон
33. Жүсіпбек Аймауытов -
- A) мұғалім
  - B) драматург
  - C) саятшы
  - D) жазушы
  - E) тарихшы
  - F) күйші
34. Айтыстың түрлеріне *жатпайтын* нұсқа(-лар)
- A) Жас пен кәрі
  - B) Бәдік
  - C) Күн мен түн
  - D) Жұмбақ
  - E) Жар-жар
  - F) Ақындар
35. Ауыл адамдарының Көксеректі жақтырмау себеп(-тер)і
- A) жабайы аң болғандықтан
  - B) жалғыз күшік болғандықтан
  - C) ауыл иттерін талағандықтан
  - D) алып қасқыр болғандықтан
  - E) Құрмаш асырап алғандықтан
  - F) тұз тағысы болғандықтан